

**«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының
Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар**

«Қазақстан ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің 2020 жылғы 4 қарашадағы шешімімен бекітілген («Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы басқармасының №52/20 хаттамасы) «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 10-бөлімнің 10.2-тармағында:

7) тармақшадағы «бас комплаенс-бақылаушының» деген сөздер «Комплаенс-бақылау қызметінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«15) Комплаенс-бақылау қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Комплаенс-бақылау қызметінің жұмыс тәртібін, Комплаенс-бақылау қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау, әлеуметтік қолдау көрсету, сондай-ақ Комплаенс-бақылау қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне сыйлықақы беру туралы шешім қабылдау;»;

Келесі мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:

«23-1) шешім қабылдау күніне Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға қала құрылысы инвестициялық жобаларын қаржыландырудың негізгі шарттарын (сома, мерзім, сыйақы мөлшерлемесі, қаржыландырудың нысаналы мақсаты, қарыз алушы) бекіту туралы шешім қабылдау;»;

2. 11-бөлімнің 11.8-тармағында:

8) тармақшадағы «Бас комплаенс-бақылаушыны» деген сөздер «Комплаенс-бақылау қызметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

Келесі мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

«15-1) шешім қабылдау күніне Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің он пайызына дейінгі соманы құрайтын сомаға қала құрылысы инвестициялық жобаларын қаржыландырудың негізгі шарттарын (сома, мерзім, сыйақы мөлшерлемесі, қаржыландырудың нысаналы мақсаты, қарыз алушы) бекіту туралы шешім қабылдау;»;

3. Жарғының 11.12-тармағының 4) тармақшасындағы «сонымен қатар корпоративті хатшы қызметінің және комплаенс-бақылаушы қызметінің қызметкерлерін» деген сөздер алып тасталсын;

4. Келесі мазмұндағы 12-1-бөліммен толықтырылсын:

«12-1. Комплаенс-бақылау қызметі

12-1.1. Комплаенс-бақылау қызметі Қоғамның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтауын қамтамасыз ету үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен құрылады.

12-1.2. Тәуелсіздік пен объективтілікті қамтамасыз ету мақсатында Комплаенс-бақылау қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және оның алдында өз жұмысы туралы есеп беретін, Қоғамның басшылығы мен құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына еркін және тәуелсіз қол жеткізе алатын Қоғам қызметі болып табылады.

12-1.3. Комплаенс-бақылау қызметінің міндеттері мен функциялары, құқықтары мен жауапкершілігі және жұмыс тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін ішкі актімен айқындалады.

12-1.4. Комплаенс-бақылау қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

12-1.5. Қоғам мен Комплаенс-бақылау қызметінің қызметкерлерінің арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен реттеледі.»

**«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы»
акционерлік қоғамының
Басқарма төрағасы**



Р. Исаев

«24» декабря 2021 года, настоящий документ удостоверен мной, Кожрахметовой Лялей Хамитовной, нотариусом нотариального округа г. Нур-Султан, действующей на основании лицензии № 0000464, выданной 03 мая 1999 года, Министерством Юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи руководителя АО «Казахская Жилищная Компания»

1. Исаев Рустам Маратович 05.05.1975 года рождения, ИИН 750505350156

которая сделана в моем присутствии. Личность его установлена, дееспособность, полномочия, а также правоспособность юридического лица проверены



Зарегистрировано в реестре за №1728

Взыскано 3209 тенге

Нотариус:



Сәлімжан Әбу ақсақал

Әлі Нәзірбековтен

Ә. Мұрат

Әзілхан Мұхтар атындағы
Қазақ Республикасының
Төңірақалық Ішкі Істер
Қызметі

ҚИСТАХ

